

Зинешов Б.Қ., магистрант

Гусманов М.Г., ғылыми жетекшісі, ветеринария ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал, Қазақстан

БҚО АҚЖАЙЫҚ АУДАНЫ «АМАН-БИ» ШАРУА ҚОЖАЛЫҒЫНДАҒЫ БҰЗАУЛАРДЫҢ ТРИХОФИТИЯ АУРУЫН БАЛАУ МЕН ДАУАЛАУ ЖӘНЕ САУЫҚТЫРУ ШАРАЛАРЫ

Аннотация

Мақалада трихофитиямен ауырған бұзауларды препараттармен емдеу кезіндегі тиімділік көрсеткіші ТФ-130 вакцинасына және «Юглон» препаратына қарағанда, ЛТФ-130 вакцинасында едәуір жоғары болады, ол 91,6 % құрады, демек трихофитиямен ауырған бұзауларды ЛТФ-130 вакцинасымен емдеген өте тиімді.

Түйін сөздер: трихофития, бұзау, вакцина, зерттеу, тәжірибе.

Кіріспе. Трихофития – бұл терінің суланып қабынуы нәтижесінде орны шектеулі, сондай-ақ беті қабыршақтанып дөңгелек дақтардың пайда болуы немесе жүн қалдықтарының сақталуымен сипатталатын жұқпалы ауру. Trichophyton туысы саңырауқұлақ – дерматофиттерімен тудырылады [1].

Елімізде трихофития індеті біршама кең өріс алып, малдардың өнімділігінің төмендеуіне себеп болып, шаруашылықтарға елеулі зиян келтіруде, әрі бұл ауру адамға да өте қауіпті [2, 3, 4].

Сол себептен де осы індеттің алдын алудың тиімді және нәтижелі шараларын іздестіру медициналық және мал дәрігерлік ғылым мен практиканың аса маңызды мәселесі болып отыр.

Міне, осы жоғарыда атап өткен жайттарды ескере отырып, біздер осы өзіміздің тәжірибелік жұмысымызда бұзаулардың трихофития індетін балау мен дауалау және сауықтыру шараларының неғұрлым озық, тиімді тәсілдерін анықтауды мақсат еттік [5,6].

Бұл мақсатқа жету үшін келесі міндеттер алға қойылды:

1. Шаруашылықта бұзаулардың трихофития ауруының таралу деңгейін анықтап балау.
2. Трихофития індетіне шалдыққан бұзауларды емдеу және ветеринарлық-санитарлық шараларды жүргізу.
3. Бұзаулардың трихофитиясының алдын алу мен сауықтыру шараларының тиімді әдістерін анықтау.

Материалдармен зерттеу әдістері. Бұзаулардың трихофитиясын анықтаудағы және алдын-алу шараларындағы өндірістік тәжірибемізді 2016-2017 жылдар аралығында “Аман-би” шаруа қожалығында және Ақжайық аудандық мал дәрігерлік зертханасында жүргіздік.

Өндірістік тәжірибе жүргізу үшін аталмыш шаруашылықтың ірі қара малының, соның ішінде 36 бас бұзаулары және шаруашылық мұрағатында сақталған мал дәрігерлік алғашқы құжаттар, сонымен қатар малшылар мен мал мамандарының ауызша берген деректері қолданылды. Аталмыш шаруашылық 2015 жылдан бастап бұзаулардың трихофития ауруынан сәтсіз болып тіркелген

Трихофития ауруына шалдыққан бұзауларда төмендегідей көрініс байқалды: терінің жүні ұйпаланып, шектеулі 1-5 см көлемді дөңгелектенген қабыршақты дақтар ең алдымен бас пен мойынның, маңдай, мұрын, қабақ, желке, аш бүйірі маңында, сирегірек тұла бойы мен арқасында, сауыры мен құйрығының терісінде байқалды. Біртіндеп дақтар үлкейіп, олардың беткі қабаты алғашқыда сыдырылды да, кейіннен асбест тәрізді жұқа қабыршақпен қоршанды, теріде қышыма пайда болды.

Балау әдістері. Трихофитияға диагнозды аурудың клиникалық белгілеріне және індеттік деректеріне сүйене отырып қойдық. Күмәнді жағдайда микроскопиялық зерттеу жүргіздік. Ол үшін терінің зақымданған жерінің қырындысын алып зерттедік.

Микроскопиялық зерттеу. Патологиялық материал ретінде алынған терінің

зақымданған жерінің қырындысын Петри аяқшасына салып 10% пайыз күйдіргіш натрий ертіндісін құйып, оны 20-30 минут термостатқа қойдық. Осылай өндеп болған соң, төсеніш шыныға жұғынды дайындап, материалды 50% сулы глицерин ертіндісін тамызып бекітіп, жабын шынымен үстін жауып, микроскоптың кіші және орта үлкейткіштерімен қарадық.

Одан Trichophyton саңырауқұлақтарын, яғни қатар-қатар орналасқан, ортасы бөлінген мицелийлердің гифтерін кездестірдік.

Тәжірибені 5-8 айлық жас аралығындағы 36 бас бұзауларға жүргіздік. Трихофитияны емдеуде нәтижесі жоғары препаратты анықтау мақсатымен ауырған бұзауларды 3 топқа окшаулап, әр қайысында 12 бастан бөліп алып, вакцинамен емдедік.

1-ші топтағы 12 бас бұзауларды ЛТФ-130 вакцинасымен емдедік, ол үшін вакцинаны алдын алуға қолданылатын мөлшерінен екі есе артық, яғни 16 см³ мөлшерінде жамбас бұлшық етіне бір орынға арасына 12 күн салып 2 рет енгіздік. Сонымен қатар трихофитиядан болған қабыршақтарды жұмсарту үшін балық майын жақтық.

Екінші топтағы 12 бас бұзауларды ТФ-130 вакцинасымен емдедік, жоғарыдағы 1 топтағы бұзауларды емдеген мөлшерде және сол реттілікте.

Ал 3- топтағы 12 бас бұзауларды емдеуге жақпа май түріндегі «Юглон» препаратын қолдандық.

Зерттеу нәтижелері. Трихофитиямен ауырған бұзауларды препараттармен емдеу нәтижелері 1-ші кестеде берілген.

1 кесте – «Аман-би» шаруа қожалығындағы трихофитиямен ауырған бұзауларды вакциналармен емдеу нәтижесі

№	Вакцина атауы	Вакцинамен емдеу					Емдеу нәтижесі		
		бұзау саны	жасы	мөлшері, см ³	енгізу тәсілі	енгізу реттілігі	сауыққан мал басы	сауықтаған мал басы	емдеу тиімділігі, %
1	ЛТФ-130	12	5-8 ай	16	б/етке	арасына 12 күн салып 2 рет	11	1	91,6
2	Тф-130 (ВИЭВ)	12	5-8 ай	16	б/етке	арасына 12 күн салып 2 рет	8	4	66,7
3	Бақылау тобы (вакцинасыз, «Юглон» препаратымен емделгендер)	12	5-8 ай	-	-	-	5	7	41,7

Ескерту: емдеу ұзақтығы 20 күн

Жоғарыдағы кестеге талдау жасай отырып, мынадай тұжырымға келуге болады трихофитиямен ауырған бұзауларды препараттармен емдеу кезіндегі тиімділік көрсеткіші ТФ-130 вакцинасына және «Юглон» препаратына қарағанда, ЛТФ-130 вакцинасында едәуір жоғары болады, ол 91,6 % құрады, демек трихофитиямен ауырған бұзауларды ЛТФ-130 вакцинасымен емдеген өте тиімді.

Трихофития ауруының алдын алу үшін сақтық мақсатпен клиникалық сау бұзауларды ЛТФ-130 вакцинасымен имундаған жөн. Ол үшін вакцинаны жамбас аумағының бұлшық етіне аурудың алдын алу мақсатында 2 рет, яғни араға 10-14 күн салып жасына байланысты егеді.

Қорытынды. Сонымен жүргізілген тәжірибелік зерттеуімізді қорытып, мынадай тұжырымға келуге болады. Бұл індет бұзау малының арасында жиі кездесетіндіктен, нақты арнайы ветеринарлық және ветеринарлық-санитарлық іс-шаралар жүргізілген жағдайда ғана мал басын кемітпей, одан тиісті өнім алуға, мал арасында трихофития ауруын таратпауға, сондай-ақ адамдарды осы індеттен сақтандыруға болады демекпіз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Сайдуллин Т. Индеттану және жануарлардың жұқпалы аурулары / Т.Сайдуллин. – Алматы, 2009. – 72-74.б

2 Щурихин Б. Г. Получение и использование антигенов дерматомицета *Trichophyton faviforme* и гипериммунной сыворотки в диагностике трихофитии крупного рогатого скота : автореф. дис. канд. вет. наук. – Астана : [б. и.], 2010. – 24 с.

3 Кухар Е.В. Антигенные свойства компонентов клеточной стенки возбудителя трихофитии и их использование в разработке иммуноферментной тест-системы : автореф.дисс...канд.вет.наук: 16.00.03 - Ветеринарная микробиология, вирусология, эпизоотология, микология и иммунология / Кухар Е.В. ; науч.рук. Муканов К.К. – Астана : ААУ, 2001. – 25 с

4 Боранбаева Р. С. Түйе трихофитиясы дерматофитінің биологиялық қасиеттері. 16.00.03 – мал дәрігерлік микробиология, вирусология, эпизоотология, микология микотоксикологиямен бірге және иммунология : биология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты / Р. С. Боранбаева. – Алматы : [б. и.], 2010. – 30 с.

5 Конопаткин А.А. Эпизоотология и инфекционные болезни сельскохозяйственных животных. – Москва: «Колос», 1984. – С. 89-91

6 Урбан В.П. Практикум по эпизоотологии и инфекционным болезням с ветеринарной санитарией / В.П. Урбан, М.А. Сафин. – Москва: «Колос», 2003. – С. 50-52

РЕЗЮМЕ

При лечении телят от трихофитии вакциной ТФ-130 и Юглон наибольший лечебный эффект дает ЛТФ-130 (91,6 %).

RESUME

Vaccine LTF-130 contains 91,6% and it is very effective in treating a diseased calves with trichophytosis than vaccine TF-130 and preparation “Ugлон”.